

№ 29 «Арай» бөбекжай-балабақшасының
2025-2026 оқу жылының
қамқоршылық кеңес отырысының
№1 хаттамасы

Күні: 05.09.2025ж.

Уақыты: 14 .00

Өткізілген орны: музыкалық бөлме

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері

Қатыспағандар: жоқ

Тақырыбы: ҚР Білім және Ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген №355 27.07.2017ж (өзгеріс) №56 01.03.2023 ж қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың типтік ережелерін зерделеу.

Күн тәртібінде:

- 1.2025-2026 оқу жылына қамқоршылық кеңес құрамына өзгерістер.
2. 2025-2026 оқу жылына қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын талқылау, бекіту.
3. Балабақшадағы тамақтану ұйымдастыру сапасына бақылау жасау.
- 4.Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың типтік ережесін зерделеу. (өзгеріс №56 0170372023ж)


Тыңдалды:

Жиналысты №29 «Арай» бөбекжай-балабақша меңгерушісі Ещанова Т.С. ашты. Құрметті қамқоршылық төрайымы және мүшелері сіздерді көргеніме өте қуаныштымын. Алдағы уақытта жұмысымызға сәттілік тілеймін. Мен бүгінгі жиналысты ҚР Білім және Ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген №355 27.07.2017 ж. өзгеріс №56 01.03.2023ж. қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың типтік ережелерін зерделеу бойынша шағын тоқталып кетейін. Ережелердің негізгі мақсаттары мен міндеттері туралы кеңінен түсіндірілді. Сонымен қатар, жаңартылған өзгерістер мен толықтыруларға назар аударылды.

Келесі мәселе бойыншада бөбекжай-балабақша меңгерушісі Ещанова Т.С. сөз алды. 2025-2026 оқу жылында қамқоршылық кеңес құрамына өзгерістер болайын деп жатыр. Себебі, үш ата-ана балалары мектепке шығып кеткеннен кейін ата-аналарымызда өз өтініштерін қалдырды. Олар: Ермагамбетова Д.Е., Ермуханова Л.Т., Казмагамбетова З.

Ақтөбе қаласы білім бөлімінің басшысы М.О. Қосымбаеваның бұйрығымен 2024 жылғы 18.09. №438 «қамқоршылық кеңесінің құрамын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізіп 2025 жылдың 10 қазан №532 бұйрығымен «Қамқоршылық кеңес құрамына» өзгерістер енгізіледі.

2025-2026 оқу жылында «Қамқоршылық кеңестің құрамы төмендегінше құрылсын.

- 1.Алдашева Ф.Б. кеңес төрайымы 
- 2.Мулдабекова Р.А. кеңес мүшесі 

3. Бисенбаева А.С. кеңес мүшесі. *Бисенбаева*
4. Төлегенова Г.А. кеңес мүшесі. *Төлегенова*
5. Ермагамбетова Д.Е. кеңес мүшесі. *Ермагамбетова*
6. Ермухашева Л.Т. кеңес мүшесі. *Ермухашева*
7. Космагамбетова З. Кеңес мүшесі. *Космагамбетова*

Хатшы бөбекжай-балабақша тәрбиешісі Картабекова К.К. *К.К. Картабекова*

Келесі мәселе бойынша қамқоршылық кеңес төрайымы Алдашева Ф.Б. сөз алды. Құрметті әріптестер балабақшадағы тамақтануды ұйымдастыру, балалардың денсаулығын қорғау, дұрыс өсуі мен дамуы үшін өте қажет. Қазіргі заманда балалардың тамақтануы балалардың денсаулығына және оқу процесіне әсер ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Оны бақылау жүйесін дұрыс ұйымдастыру арқылы балалардың дұрыс тамақтануын қамтамасыз етіп, олардың физикалық және психологиялық жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар әрбір балабақшада сапалы, қауіпсіз және теңгерімді тамақтануды қамтамасыз ету үшін осы мәселе бойынша тұрақты бақылау мен әдістемелік жұмыстар жүргізілуі тиіс деп ойлаймын.

Келесі мәселе бойынша бөбекжай-балабақша меңгерушісі Ещанова Т.С. сөз алды. 2025-2026 оқу жылы бойынша қамқоршылық кеңес жұмыс жоспарымен таныстырды және оны ортаға салып талқылады.

Шешімі:

1. 2025-2026 оқу жылында Қ.Р. білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген №355 27.07.2017 ж (өзгеріс) №56 01.03.2023 ж. Қомқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыруда негізге алынсын.
2. Тамақтануды ұйымдастыруға жауапты маман немесе қызметкер азық-түлік өнімдерін сатып алудан бастап, оны дайын тағамға айналдырғанға дейін сапасын тексерсін.
3. 2025-2026 оқу жылы «Қомқоршылық кеңес» құрамына өзгерістер енгізілсін және өтініш берген ата-аналар мүше құрамына енгізілсін.
4. 2025-2026 оқу жылы үшін «Қамқоршылық кеңес» жұмыс жоспары бекітілсін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы: *Алдашева* Ф. Алдашева

Хатшы: *К.К. Картабекова* Картабекова К.К.

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

1. Мулдабекова Р. *Мулдабекова*
2. Бисенбаева А. *Бисенбаева*
3. Төлегенова Г. *Төлегенова*
4. Ермагамбетова Д. *Ермагамбетова*
5. Ермухашева Л. *Ермухашева*
6. Космагамбетова З. *Космагамбетова*